

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 91 (9153) | 1953 жылғы 6 май Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Республиканың колхоздары мен совхоздарында көктемгі егісті мезгілінде өткізу, егісті баптау және жемшөп дайындау жөнінде партия ұйымдарының міндеттері туралы Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің IV пленумының қаулысы

Қазақ ССР Министрлер Советінің Председатели Тайбеков жолдастың «Республиканың колхоздары мен совхоздарында көктемгі егісті мезгілінде өткізу, егісті баптау және жемшөп дайындау жөнінде партия ұйымдарының міндеттері туралы» баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін Қазақстан КП Орталық Комитетінің IV Пленумы былай деп есептейді: республиканың озат техникамен жабдықталған колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарының бәрін ұйымшылдықпен, қысқа мерзімде өткізу үшін, сөйтіп, партияның XIX съезі ауыл шаруашылығы саласында алға қойған басты міндетті — барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық мал санын оған әрі көбейтіп, сонымен бірге оның өнімділігін едәуір арттыру, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы өнімін ұлғайту міндетін орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлардың бәрі бар.

Алайда, республиканың оңтүстік облыстарының көп колхоздары, МТС-тері мен совхоздары өздерінің материалдық-техникалық және еңбек ресурстарын толық пайдаланбады, сөйтіп, жаздық дәнді дақылдар, мақта, қант қызылшасы және басқа дақылдар егісін өткізуде елеулі кемшіліктерге жол берді. Бұл облыстардың бірқатар колхоздары, МТС-тері, совхоздары дәнді дақылдар, мақта, қант қызылшасы егісін ұзаққа созып, көпжылдық және біржылдық шөп егісінің жоспарын орындауды, күздік дақылдар егісін баптауды қамтамасыз етпей, іс жүзінде оқшылдыққа ұшырапты.

Батыс және солтүстік-шығыс облыстардың көп колхоздары, МТС-тері мен совхоздары көктемгі егіс жұмыстарына ұйымдасқан түрде кіріспеді. Республиканың бұл облыстарының, әсіресе, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарының көптеген колхоздары, МТС-тері мен совхоздарының міндеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері мыналарды орындауға міндеттелсін:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдары, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері мыналарды орындауға міндеттелсін:

а) барлық трактор, жұмыс көлігі тәзімен егіс жұмыстарына қосылсын, пар мен зябті тырмалау, жер жырту, жаздық дақылдар себуі, күздік дақылдар мен шөп егісін баптау қарқыны күшейтілсін, жұмыс сапасына, тұқым себудің дұрыс нормаларының сақталуына қатаң бақылау қойылсын, дәнді дақылдарды тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен себу, шаршылы ұялы әдіспен күнбағыс егу және картоп отырғызу, сонымен қатар агрономиялық ғылым мен озат тәжірибенің басқа да табыстары кеңінен қолданылып, барлық жұмыстың ең қысқа және агротехникалық жақсы мерзімде өткізілуі қамтамасыз етілсін;

б) көктемде жер жырту жоспарын орындауға ерекше көңіл бөлінсін, бұл жұмыста қажетті мөлшерде тракторлар, ең алдымен шынжыр табанды тракторлар пайдаланылсын; жер жырту жұмысы екі сменамен ұйымдастырылып, әрбір тракторшының жұмыс нормасын орындауы және асыра орындауы көзделсін;

в) машина-трактор паркінің өнімділігін арттырудың және ауылшаруашылық жұмыстарын өткізу мерзімдерін қысқарту үшін аса маңызды құралы болып табыла-

рыны ауыспалы егістікті тиісті танаптарына егуге, ал қалған колхоздарда ең алдымен тың және тыңайған жерге, зябке жыртылған көпжылдық шөп егілген жерге егуге, сөйтіп, 1953 жылы тарыдан бүкіл егіс көлемінде жоғары өнім алынуына жетуге міндеттелсін.

6. Көптеген колхоздар мен совхоздардың дәнді, майлы және басқа дақылдардың, сонымен қатар шөп егістері тұқым шаруашылығының бетімен жіберілуі салдарынан егістің мемлекеттік жоспарын орындау үшін өздерін жыл сайын өз тұқымдарымен қамтамасыз етпей отырғандығы, өнімсіз және кездейсоқ тұқым себуге жол беретіндігі, мұның өзі ауылшаруашылық дақылдарынан төмен өнім алудың басты себептерінің бірі болып табылатындығы атап көрсетілсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері колхоздар мен совхоздарда тұқым шаруашылығы ісінде болып отырған елеулі кемшіліктерді жоюдың қажетті шараларын қолдануға, сөйтіп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында дәнді дақылдардың тұқым шаруашылығын жақсарту шаралары туралы» 1953 жылғы 31 марттағы қаулысының орындалуын қамтамасыз етуге міндеттелсін. Барлық колхоздар мен совхоздарда дәнді дақылдар, шөп, майлы және басқа дақылдар егісінің тұқымдық участтеріне әрбір дақылға белгіленген мөлшерде мезгілінде жер бөлінсін, тұқымдық участктерде егіс жұмыстары жоғары агротехникалық дәрежеде жүргізіліп, ең жақсы аудандастырылған сорттардың сұрыпталған тұқымдары егілсін, сөйтіп, 1954 жылдан бастап барлық ауылшаруашылық дақылдарын сортты тұқымдармен жәншай егуге көшетін болу үшін 1953 жылғы әрбір колхоз бен совхоз жеткілікті

Қазақстан КП Орталық Комитетінің қант қызылшасының шығымдылығын арттыру шаралары туралы 1952 жылғы 25 сентябрьдегі қаулысын орындауға қажетті шаралардың бәрін қолдану, сөйтіп, 1953 жылы әр гектардан кемінде 430 центнер қант қызылшасын алу жөнінде қызылша өсірушілердің республикалық кеңесінде қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне картоп, овощ, темекі, махорка, күнбағыс және басқа майлы дақылдар егісін баптауды мезгілінде және жоғары сапалы өткізуге қажетті шаралар қолдану, бұларды егін өсіру жұмыстарының бәрін кеңінен механикаландыру, сөйтіп осы дақылдардың шығымдылығы жөнінде 1953 жылға белгіленген жоспардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне ауылшаруашылық дақылдарының егісін баптауда МТС-тердің ролі мен жауаптылығын арттыру, барлық отамалы тракторлардың егісті баптау жұмысына өнімді пайдаланылуын және егістердің қатараралықтарын еңдеу жөнінде өздеріне белгіленген жоспарларды әрбір МТС-тің мезгілінде орындауын қамтамасыз ету міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарына егіс жұмыстарының сапасы үшін, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың егістерді баптау жөніндегі барлық агротехникалық талаптарды орындауға міндеттелсін.

және ауылшаруашылық органдарының колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығына берік жемшөп базасын жасау жөніндегі жұмысы мүлде қанағаттанғысыз болып отырғандығын атап көрсетеді. Көптеген колхоздар мен совхоздар, әсіресе, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының колхоздары мен совхоздары 1952 жылы жай шөп пен құнарлы жемшөп дайындау жоспарын орындамады, шөп жыйнау мерзімінің ұзаққа созылуына, шөп шабу мен маялау арасында үлкен алпақтық болуына, дайындалған жемшөп сапасының төмендеуіне жол берді, мұның өзі көптеген колхоздар мен совхоздарда мал қыстатуды өткізуде елеулі қиыншылықтар тудырды.

Берік жемшөп базасын жасауда мұнан былай артта қалушылыққа төзуге болмайды деп есептеп, Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы Орталық Комитеттің бюросы, Қазақ ССР Министрлер Советі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін, облыстық және аудандық партия комитеттерін, облыстық және аудандық атқару комитеттерін жемшөп базасын жасаудағы артта қалушылықты жоюға батыл шаралар қолдануды, сөйтіп, 1953 жылдың өзінде колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығына берік жемшөп базасын жасау жөнінде партия мен үкмет алға қойған міндетті сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуді міндеттейді.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдары, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері мыналарды орындауға міндеттелсін:

а) барлық колхоздарда, совхоздарда, МТС-тер мен ММС-терде шөп жыйнайтын барлық машиналар мен сүрленетін шөп турағыштарды жөндеу және әзірлеу жұмысы осы жылғы 15 майға дейін аяқталсын.

мысы ұйымдастырылсын. Дәнді дақылдардың бүкіл егіс көлемінде сабан маяланғанда ғана дәнді дақылдар егісі жыйналды деп есептелетін болсын;

и) шөп жыйнау, оны сүрлеу, маялау және жемшөп тасу жұмысында еңбекті дұрыс ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінсін. Әрбір колхозшы, тракторшы, машинист, совхоздың, МТС пен ММС-тің жұмысшысы жұмыс нормаларын орындайтын болсын, шөбі шабылған жер мен дайындалған жемшөптің дұрыс есебі ұйымдастырылсын. Шөп жыйнау мен жемшөп дайындауда істейтін колхозшылар мен жұмысшыларға қажетті өндірістік және мәдени-тұрмыс жағдайлары жасалсын;

к) барлық колхоздар мен совхоздарда өткен жылдан қалған барлық жемшөпті есепке алу, мал қыстайтын жерлерге тасып жеткізу және сақтау ұйымдастырылсын. Жемшөптің ұрланудан және өрттен қорғалуы қамтамасыз етілсін, жемшөпті мезгілсіз пайдалануға жол берілмесін және көзбаяушылық фактілеріне қарсы батыл күрес жүргізіліп, бұл жөніндегі айыпты адамдар қатаң жауапқа тартылсын;

л) колхоздар мен совхоздардың жемшөп сүрлеуге мезгілінде әзірленуі қамтамасыз етілсін, жемшөп сүрлеу басталғанға дейін жемшөп сүрленетін барлық ескі құрылыстарды жөндеу және жаңа құрылыстар салу, сүрленетін жемшөп турағыштарды жөндеу және әзірлеу жұмыстары аяқталсын, жабайы өсетін шөптерді, сүрленетін дақылдарды, овощ, бақша дақылдарының қалдықтарын жыйнау ұйымдастырылсын, сөйтіп, әрбір колхоз бен совхоз жемшөп сүрлеу жоспарын орындайтын болсын.

3. Қазақстан тұтынушылар одағы, Казнефтьсбыт, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі және Қазақстан кәсіпшілік советі жанар және жағар материалдарды, бричкаларды, жонуыштарды, қайрақтарды, айырларды және шөп жыйнайтын басқа құрал-саймандарды мерзімінде

ры, МТС-тер мен совхоздары көктемгі егіске әзірлесіз кірісті, тракторларды жөндеу, тұқымды тазартып, егіс кондициясына жеткізу, тұқым ауыстыру және тасып алу, жанармай тасу, трактор және егіс бригадаларын толықтыру жұмыстарын тағы басқа жұмыстарды осы уақытқа дейін аяқтаған жоқ, мұның өзі өткен жылғы қателіктердің қайталануына әкеліп соқтыруы ықтимал. Ал өткен жылы бірқатар колхоздар мен совхоздар егіске мезгілінде әзірленбеу және егіс мерзімін кешуі әдетте салдарынан ауылшаруашылық дақылдарынан өте аз өнім алған болатын.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарының, партия және совет ұйымдарының қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасауға бұйрығысына елеулі қамқорлық жасамай отырғанын, көпжылдық және біржылдық шөп, жемшөптік жемістемір және сүрленетін дақылдар егісін ұзаққа созып, пішен шабуға және жемшөп дайындауға баяу әзірленіп жатқандығын ерекше атап көрсетеді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдары быйғығы оның жергілікті органдары барлық сушаруашылық шараларын мезгілінде жүргізудің ауылшаруашылық дақылдары мен шөп егісінің шығымдылығын арттыру ісінде өте зор маңызы бар екендігін ескермей, ауылшаруашылық дақылдарын суаруға жер суару жүйелерін әзірлеуді аяқтауға, үстіміздегі жылы суармалы жерді және ауылшаруашылық дақылдары мен шөп егістерін суару үшін барлық су қорларын толық пайдалануға қажетті шаралардың бәрін қолданбай отыр.

Бірқатар облыстар мен аудандардың облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері ауылшаруашылық органдарының, колхоздар, МТС-тер мен совхоздар басшыларының жұмысында қажетті қажырлық тудырмады, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың 1953 жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу жолындағы социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерінің орындалуына ұйымдастырмады.

Көктемгі егісті мезгілінде және жоғары сапалы өткізу, егісті баптау және 1953 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу, сонымен қатар республиканың колхоздары мен совхоздарының барлық қоғамдық малын жемшөппен қамтамасыз ету — партия, совет және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндеті деп есептеп, Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

КӨКТЕМГІ ЕГІСТІ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕ

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республиканың солтүстік-шығыс және батыс облыстарының облыстық және аудандық партия ко-

миссиясының сағаттық графикті, етажановтық маршруттарды, шаруашылық есепті, диспетчерлік қызметті трактор бригадаларының жұмысына кеңінен енгізу шараларын істейтін;

г) трактор бригадаларына басшылық жақсартылсын, бригадалардағы істің жайын күн сайын жақсы біліп, олардың жұмысындағы кемшіліктерді жоюға деркезінде шаралар қолданылсын, жанармайдың, судың, тұқымның мезгілінде жеткізілуі қамтамасыз етілсін, тұрақты тіркеушілер бөлініп, олар бүкіл жаз бойына трактор бригадаларына бекітіліп қойылсын;

д) егіс жұмыстарында істейтін механизаторлар мен колхозшылардың қажетті мәдени-тұрмыс жағдайлары қамтамасыз етілсін, трактор және егіс бригадаларына арналған егіс қостары жабдықталып, олар газеттермен, әдебиетпен, радиоқабылдағыштармен қамтамасыз етілсін, қоғамдық тамақтану ісі ұйымдастырылсын.

3. Орталық Комитеттің Пленумы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарының, облыстық және аудандық партия комитеттерінен, облыстық және аудандық атқару комитеттерінен шөп және басқа жемшөптік дақылдар өсіру ісін жетек бағалаушылықты жойып, шөп пен жемшөптік дақылдар егуі және оларды баптауды ең жақсы агротехникалық мерзімде өткізуді, көпжылдық және біржылдық шөп, сүрленетін және жемшөптік тамыр жемісті дақылдар егу және олардың шығымдылығын арттыру жоспарын әрбір колхоз бен совхоздың сөзсіз орындауын қамтамасыз етуді талап етеді.

4. Республиканың көп колхоздары мен совхоздарының картоп, омыс, күнбағыс және басқа майлы дақылдар егісі мен олардың шығымдылығы жоспарларын үнемі орындамай келгендігіне мүлде төзуге болмайды деп есептеп, Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, колхоздар мен совхоздар осы дақылдарды өсіру ісіне басшылықты жақсартуға, агротехника дәрежесін арттыруға, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландыруға, сөйтіп 1953 жылы картоп, омыс, бақша және майлы дақылдар егісі мен олардың шығымдылығы жөнінде белгіленген жоспардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге міндеттендіреді.

5. Соңғы жылдары әсіресе Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының партия, совет және ауылшаруашылық органдарының тары сияқты бағалы азық-түлік дақылды өсіруге жеткілікті көңіл бөлмегендігі, осының салдарынан колхоздардың көпшілігінде тарының шығымдылығы өте төмен болып келе жатқандығы атап көрсетілсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдары, партия және совет ұйымдары тарыны ең жақсы агротехникалық мерзімде егуі қамтамасыз етуге, игерілген ауыспалы егістігі бар колхоздарда та-

мөлшерде жоғары сапалы тұқым өсіретін болсын.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫ ЕГІСІН КҮТУ ЖӨНІНДЕ

1. Орталық Комитеттің Пленумы жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдары, колхоздар, МТС-тер мен совхоздар басшыларының көктемгі егіс аяқталғаннан кейін жұмыстағы қажырлықты бәсеңдетіп, барлық материалдық-техникалық құралдар мен адам күштерін егісті баптауға, жемшөп дайындауға және басқа ауылшаруашылық жұмыстарына жедел және ұйымшылдықпен қосуды қамтамасыз етпей отырғандығын теріс және зиянды іс деп есептейді, мұның өзі егісті баптауды кешуі әдетте және ауылшаруашылық дақылдары шығымдылығының төмендеуіне әкеліп соқтырады.

Қазақ ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне дөңді дақылдар егісін мезгілінде және жоғары сапалы баптауды қамтамасыз ету, жазда дөңді дақылдарды бүкіл егіс көлемінде арамшөпті 1—2 рет отау, соның өзінде тұқымдық учасқтардың арамшөптерін отауға ерекше назар салу міндеттелсін.

2. Республикада мақта шаруашылығын мұнан былай артта қалуына төзуге болмайды деп есептеп, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері колхоздар мен совхоздарда мақта шаруашылығын өркендету ісіне басшылықты жақсартуға, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің «1953 жылы республиканың колхоздары мен совхоздарында мақта шаруашылығын өркендету жоспарын орындау шаралары туралы» 1952 жылғы 31 декабрьдегі қаулысының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге, 1953 жылы бүкіл егіс көлемінде әр гектардан: Оңтүстік Қазақстан облысында кемінде 19 центнер, Жамбыл облысында —14,1 центнер, Қызылорда облысында —12 центнер шитті мақта алу туралы мақта шаруашылығы жөніндегі республикалық кеңесте қабылданған міндеттемелерді орындауға барлық колхозшыларды, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларын, ауыл шаруашылығының мамандарын жұмылдыруға, сөйтіп, мақта дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, Жамбыл, Алматы және Талдықорған облыстарының облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне қант қызылшасы өнімінің жыл сайын шұғыл кемуіне әкеліп соқтыратын жағдайды —қант қызылшасы егісін баптауды жете бағалаушылықты жою, Қазақ ССР Министрлер Советі мен

және ауыл шаруашылығының мамандарының ролі мен жауаптылығын арттыру міндеттелсін.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, партия және совет ұйымдары су шаруашылық шараларын жүргізудің барысындағы елеулі кемшіліктерді жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануға, жер суару жүйелерін суаруға әзірлеу, 1953 жылы суармалы жерлер мен су қорларын толық пайдалану, жер суарудың жаңа жүйесіне көшуі байланысты суару жүйелерін қайта жасау және көдетін суару жөнінде белгіленген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттелсін.

8. Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы көптеген колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының жол беруі салдарынан, пар жыртуға кірісуде кешуілдеп, белгіленген жоспарларды мерзімде орындамай отырғандығын мүлде теріс деп есептейді, мұның өзі ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға өте қолайсыз әсерін тигізеді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне әрбір колхоз бен совхоздың таза пар жырту жоспарын белгіленген мерзімде орындауын, парды баптау жұмысын мезгілінде жүргізуді, жыртылған пардың бүкіл жаз бойы қосытылып арамшөптерден таза күйде ұстауын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Пар жырту аяқталғаннан кейін іле-шала зяб жыртуға жедел кірісілсін, сөйтіп, үстіміздегі жылы әрбір колхоз бен совхоздың зяб жырту жоспарын орындауына барлық шаралар қолданылсын.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне ауылшаруашылық дақылдары егісін баптаумен қатар, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, Заготзерно пункттері мен мақта дайындау пункттерінің 1953 жылы егін жыйнауға және ауылшаруашылық өнімдерін дайындауға әзірлігін күшейту міндеттелсін.

10. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, Казнефтьоблытық, Казавтотрактороблытық және Казсельхозснабтық республикалық конторлары қордан бөлінген тракторларды, комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын, запас бөлшектерді, жөндеу материалдарын, мұнай өнімдерін республикаға мезгілінде тасып жеткізуді қамтамасыз етуге және МТС-терді, ММС-терді, колхоздар мен совхоздарды осы айтылғандармен үздіксіз жабдықтап отыруға міндеттелсін.

ШӨП ШАБУҒА ЖӘНЕ ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУҒА ӘЗІРЛЕНУ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕ

1. Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы республиканың партия, совет

Осы мерзімге дейін Сельхозснаб пен Совхозснаб қоймаларынан пішен жыйнайтын барлық машиналарды алу жұмысын аяқталсын;

б) шөп шабу басталғанға дейін кемінде он күн бұрын әрбір колхозда, совхозда, МТС-те және ММС-те шөп жыйнау және жемшөп сүрлеу жұмыстарының жоспарларын жасау, шөп жыйнайтын бригадаларды толықтыру және шабындық жерлерді бригадаларға бекітіп беру аяқталсын;

в) шөп жыйнау басталғанға дейін әрбір МТС-те, ММС-те және совхозда өзі-өзінен жүретін және тракторға тіркелетін шөп машиналарында жұмыс істеу үшін қажетті мөлшерде машинистер даярлансын, трактормен шабуға табиғи және екіне шөп учасқтері бөлініп, шөпті механизммен жыйнау үшін бұл учасқтерді мұқият әзірлеу ұйымдастырылсын, шөп шабуғағы трактор бригадаларын қамтыттын көпшелі мастерскойлар әзірленіп, шөп шабатын әрбір агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне қажетті жағдайлардың бәрі жасалсын;

г) әрбір колхоз бен совхозда шөп шабуға және шөп сүрлеуге ішінара, шөптің жеке учасқтерде өсуіне қарай, оның барлық жерде жаппай өсуін күтпей, кірісілсін. Шөп шабудың алғашқы күндерінен бастап қолдағы шөп жыйнайтын машиналардың бәрі жұмысқа қосылсын, сөйтіп, колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындаудың оңтүстік облыстарда—осы жылғы 1 июльден, батыс және солтүстік-шығыс облыстарда 1 августтан қалмай аяқталуы қамтамасыз етілсін;

д) әрбір колхоз бен совхозда пішен жыйнау: шөп шабу, жыйнау және шемеле салу жұмыстары комплексті механикаландыру қамтамасыз етілсін, бұл үшін МТС-терде, ММС-тер мен совхоздарда тракторға тіркелетін қарапайым сүйретпелер мен шөп лақтырғыш құралдар жасау ұйымдастырылсын;

е) шөп жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап шөпті маялау және мал қыстайтын жерлерге тасып-жеткізу жұмысы ұйымдастырылсын, бұл үшін қажетті мөлшерде жұмыс көлігі, бричкалар мен автомашиналар бөлініп, сөйтіп, әрбір колхоз бен совхозда жемшөпті тасып жеткізу 1953 жылғы 1 ноябрьге дейін аяқталсын;

ж) мемлекеттік жер қорындағы маусымдық жайылымдарды дұрыс пайдалану және қысқы учасқтерде малды жемшөппен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету мақсатымен, әрбір колхоз бен совхозда қысқы учасқтерде жемшөп дайындау жөнінде тапсырма берілсін, қысқы жайылым учасқтерінде шөп жыйнау жұмысы ең жақсы мерзімде өткізілсін, сонымен қатар шөпті тайлау және оны қысқы жайылым учасқтеріне тасып жеткізу ұйымдастырылсын;

з) дәнді егістер жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап сабаңды, мекенді және топанды жыйнап, маялау, оларды мал қыстайтын жерлерге тасып жеткізу жү-

хоздарды, МТС-терді, ММС-тер мен совхоздарды үздіксіз жабдықтап отыруды қамтамасыз етуге міндеттелсін.

4. Қазақстан тұтынушылар одағына азық-түлік және ең қажетті өнеркәсіп товарларын трактор және егіс бригадаларында тікелей үнемі сатып тұруды ұйымдастыру міндеттелсін.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне МТС-тер мен ММС-тер директорлары мен мамандарының 1953 жылы жай шөп пен күнарлы жемшөп дайындау жоспарын орындауға, шөп жыйнайтын барлық машиналарды дұрыс және толық пайдалануға жауапкершілігін арттыру, сөйтіп әрбір МТС мен ММС-тің пішен шабу, жыйнау, сүйретіп тасу, маялау, тайлау және жемшөп сүрлеу жөнінде өзіне белгіленген жоспарды сөзсіз орындауын қамтамасыз ету міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне жемшөп дайындау жұмыстарына күнбе-күн және нақты басшылық жасалуы қамтамасыз ету, бұл мәселелерді өз мәжілістерінде үнемі қарап, осы істегі кемшіліктерді жою жөнінде жедел шаралар қолданып отыру міндеттелсін.

ПАРТИЯЛЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕ

1. Облыстық және аудандық партия комитеттері, колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары колхозшылардың, МТС-тер, ММС-тер мен совхоздар жұмысшыларының және ауыл шаруашылығы мамандарының арасында бұқаралық-саяси жұмысты өрістетуге міндеттелсін. Бүкіл бұқаралық-саяси жұмыс нақты шаруашылық міндеттерді — көктемгі егісті ойдағыдай өткізу, ауылшаруашылық дақылдарының егісін баптау, 1953 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу міндеттерін орындауға, әрбір колхоз бен совхоздың жай шөп пен күнарлы жемшөп дайындау жоспарын орындауына бағытталған белгілі мақсатқа жүргізілуіне тиіс.

2. Облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне социалистік жарысқа басшылықты жақсарту, алынған міндеттемелерді орындаудың барысын үнемі бақылап отыру, жарыстың жалығы жария жүргізілуін қамтамасыз ету, жарыстың нәтижелері мен озаттардың тәжірибесін облыстық және аудандық газеттерде үнемі жазып отыру, барлық колхоздарда, МТС-терде, ММС-тер мен совхоздарда жарыстың барысын көрсететін тақталар және жарыстың озаттарын жазатын құрмет тақталарын ұйымдастыру, трактор

Республиканың колхоздары мен совхоздарында көктемгі егісті мезгілінде өткізу, егісті баптау және жемшөп дайындау жөнінде партия ұйымдарының міндеттері туралы

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің IV пленумының қаулысы

(Соңы. Басы-1 бетте)

және егіс бригадаларының жыйналыстарында, колхозшылардың, МТС-тер, ММС-тер мен совхоздар жұмысшыларының жалпы жыйналыстарында жарыстың қорытындысын үнемі шығарып отыру міндеттелсін.

3. Облыстық және аудандық партия комитеттеріне колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсарту, бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмысын жүргізуде оларға күнбе-күн көмек көрсету, коммунистердің жұмыстағы шешуші участоктерге дұрыс орналастырылуын қамтамасыз ету, олардың өндірістегі авангардтық ролін арттыру міндеттелсін. Селолық партия ұйымдары бұқара арасында саяси жұмысты тынбастан жүргізетін, бұл жұмыстың формалары мен әдістерін жетілдіріп, насихат пен үгіттің идеялық дәрежесін арттырып отыратын болуы қажет. Партия ұйымдарының бүкіл ұйымдастыру және саяси жұмысы нақты тұрмыспен, әрбір колхоздың, МТС-тің, совхоздың алдында тұрған міндеттермен тығыз байланысты болуға тиіс, бұл жұмыс төменнен болатын сынды және өзара сынды өрістетуге, ауыл шаруашылығының еңбекшілерін жұмыстағы кемшіліктерді жою күресіне, еңбек және мемлекет тәртібін күшейтуге жұмылдыру ісіне көмектесуге тиіс.

4. Облыстық және аудандық партия комитеттеріне, колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдарына қажетті мөлшерде үгітшілер іріктеп алу, оларды егіс және трактор бригадаларына дұрыс орналасты-

ру, әрбір үгітшіні қажетті әдебиетпен, газеттермен қамтамасыз ету, сөйтіп, әрбір үгітші колхозшылар, тракторшылар, МТС-тердің, ММС-тер мен совхоздардың жұмысшылары арасында күнбе-күн саяси жұмыс жүргізетін болуы міндеттелеін, соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саяси және өндірістік белсенділігі арттырылып, алынған міндеттемелер орындалатын болсын.

5. Облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістету негізінде барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдердің колхоз өндірісіне күн сайын қатысуын қамтамасыз ету, олардың күндізгі жұмыс нормалары мен тапсырмаларды орындауына және асыра орындауына, сонымен қатар белгіленген еңбек күн міндетін асыра орындауына жету, сөйтіп, көктемгі егісті, егіс баптауды және жемшөп дайындауды ойдағыдай өткізумен қатар, мал қораларын салу, ирригациялық құрылыстар салу жоспарының және басқа жұмыстардың мезгілінде орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Барлық колхозшы әйелдер мен совхоздардың жұмысшы әйелдерін егіс жұмыстарына қатыстыру мақсатымен, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттері мен ауылшаруашылық органдарына колхоздар мен совхоздарда балалар яслилерін, бақшаларын және балалар алаңдарын ұйымдастыру, бұл үшін қажетті үйлер мен азық-түлік бөлу міндеттелеін.

6. Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық ат-

қару комитеттеріне, Қазақстан Кәсіподақтар Советіне егіс жұмыстарында істейтін механизаторлар мен колхозшыларды мәдениет жағынан қамтуды жақсарту, бригадаларда үнемі кинокартиналар көрсетуі, артистер мен өнерпаздар үйірмелерінің ойындарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету міндеттелсін.

7. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетіне, облыстық және аудандық комсомол комитеттеріне колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тердің, совхоздардың бастауыш комсомол ұйымдарына басшылығын жақсарту, комсомолдар мен барлық жастардың көктемгі егісті өткізуге, ауылшаруашылық дақылдары өгісін баптауға және жемшөп дайындауға белсене қатысуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

8. Республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакторларына, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне көктемгі егіс, ауылшаруашылық дақылдарының өгісін баптау және жемшөп дайындау мәселелерін, озат колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тердің, совхоздардың, трактор бригадалары мен механизаторлардың тәжірибесін баспасөз бетінде және радио арқылы кеңінен баяндап отыру, партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тердің, совхоздардың жұмысындағы кемшіліктерді мезгілінде ашып, қатты сынап отыру, колхозшылардың, МТС-тер, ММС-тер мен совхоздар қызметкерлерінің қалың бұқарасын партияның XIX съезі республиканың ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдыру міндеттелеін.

Көктемгі егістің озаттарына теңелейік!

Біз пабысқа қалай жеттік Озат трактор бригадасы бригадирінің әңгімесі

—Көктемгі егісті 7 жұмыс күні ішінде аяқтаймыз! Барлық егістік алаңды сапалы жұмыстап, егіннен мол өнім аламыз! Міне, біздің бригаданың механизаторлары быйылғы көктемде мол өнім жорығына осындай сертпен аттанды. Сөйтіп, іске белсене кірісті. Бригадада егіс жұмыстары алғашқы күннен бастап қызу қарқынмен жүргізі-

Өз ісінің тамаңша шебері болып алған тракторшылар Юхневский, П. Гореславец, А. Линдэ, А. Махия және бисқа да жолдастар норманы үнемі артығымен орындап жүр. «СТЗ—НАТИ» тракторына үш сеялка тіркелген А. Линдэ басқарған агрегат әрбір сменада 45 гектар орына, 60—65 гектар тұқым себуге жетісті. Бұл агрегатта егіс жұмыстары басталға-

Жұмыстың қарқынды және сапалы болуына көңіл аудару—басты шарт. Егіс жұмыстарында ешбір шалағайлыққа жол бермеу қажет. Механизаторлардың жұмысы өңделген жердің көлеміне қарай ғана емес, сол жұмыстың нәтижесіне, демек, ауылшаруашылық дақылдарынан алынған өнім мөлшеріне қарай алаңатындығын естен шығаруға болмайды. Озаттар



А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының жұмысшысы комсомолка Ольга Роллер консерві жасау нормасын смена сайын біржарым есе асыра орындауға жетісті.

СУРЕТТЕ: стахановка О. Роллер. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жексенбі күні— Булаев селосында

Атқыштар жарысы

Армияға, Авиацияға, Флотаға көмектесетін ерікті қоғамның аудандық комитетінің ұйымдастыруы бойынша атқыштар жарысы өткізілді. 18 командадан 90 адам қатысты. Атқыштар жарысында Чистов онжылдық мектебінің командасы бірінші орынға, Булаев онжылдық мектебінің командасы екінші орынға ие болды. Фокин, Литвиненко және басқа жолдастар үздік шығып, өздерінің мергендік шеберліктерін көрсетті.

Шахматшылар жарысы

Аудандық кітапхананың оқу залында шахмат ойнаушылардың жарысы өткізілді. Бұған көптеген адамдар қатысты. Жарыстың барысында шахматшы Захарченко және Гнер жолдастар жақсы нәтиже көрсетті.

Аяққийм дүкенінде

Жексенбі күні аяққийм сататын жаңа магазин ашылды. Онда ерлердің, әйелдердің және балалардың түрлі аяққиймдері бар. Бұл күні аяққийм магазині село халқына 4 мың сомның аяққиймін

Ертең—радио күні

Радио—бұқараға коммунистік тәрбие берудің қуатты құралы

Совет халқы 7 майды жыл сайын мақтаншпен мерекелеп отырады. 1895 жылы бұл күні орыстың ұлы ғалымы Александр Степанович Поповтың радиоқабылдағыш жасап шығарғандығы хабарланды. Сөйтіп, бұл жаңалық өнер радио құралын онан әрі өркендетуге жол ашты. Бұдан 57 жыл бұрын 1896 жылғы 24 мартта Петербург университетінің екі үйі ортасындағы 250 метр алыстықтан дүние жүзінде тұңғыш рет радио хабары берілді. Ал, кәзір біздің ұлы отандасымыз ойлап тапқан радиотехника мен электр құбылыстарының алуан түрлерін санап жеткізу мүмкін емес.

Советтік Отанымыздың радио Отаны деп аталуы өте заңды. Біздің елімізде радио тұңғыш рет байланыс үшін қолданылып, кәзір бұқараға коммунистік тәрбие берудің және оның мәдени дәрежесін көтерудің қуатты құралы болып алды. Совет радиосының шындық сөздерін кең байтақ Отанымыздың ол шетімен бұл шетіндегі, шетелдердегі миллиондаған адамдар тыңдап отырады. Москвадан, республикалық және облыстық радио станциялары арқылы күн сайын әртүрлі тілде маңызды және қызықты хабарлар беріліп тұрады.

Радио алыстағы аудандарда саяси және мәдени жұмыстарды жоғары дәрежеге көтеруге мүмкіндік берді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің қамқорлығы нәтижесінде елімізді радиоландыру күшті қарқынмен өркендеуде. Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен Ленин мен Сталиннің елімізді радиоландыру туралы өсиеттерін ойдағыдай жүзеге асырды. Совет Одағында қуатты радио өнеркәсібі, кең көлемді радио станциялар сәті бар. Мұның өзі Отанның ең алыстағы аудандарымен радиотелеграф арқылы байланыс жасап отыруға және Отанымыздың қай түпкіріңде болса да Москвадан хабар тыңдап отыруға мүмкіндік береді.

ССРО-да қалаларды радиоландыру негізінен дерлік аяқталды. Таяуда алда тұрған басты міндет—ауыл, деревняны толық радиоландыру, сөйтіп, әрбір семьяда радио болуын қамтамасыз ету.

Коммунизмнің ұлы идеяларымен қаруланған совет радиосылары соғыстан кейінгі сталиндік жаңа бесжылдық жоспарларды мүлтіксіз орындау үшін күресі отырып, барлық совет халқының социалистік Отанның қуатын үздіксіз арттыруға бағытталған игілікті еңбегіне келелі үлес қосты. Соның нәтижесінде соғыстан кейінгі жылдар ішінде елімізді радиоландыру ісі кең өріс алды. Елімізде жаңадан әуе және жер астынан жүздеген мың километрлік радио жолдары салынады. Ауыл

елімізді радиоландыру ісін толық аяқтау міндетін қойды.

Совет халқының күнбе-күнгі өмірінен кең орын алған, еңбекшілерге саяси және мәдени тәрбие берудің күшті құралы ретінде радиоландыру мәселесіне жетік мән бере отырып, облысымыздың байланысшылары қолда бар радио құралдарының жұмысын жақсарту және жаңадан салу жұмыстарының көлемін жылдан жылға арттыруда.

1952 жылы облысымызды радиоландырудың жылдық жоспары барлық көрсеткіштер бойынша артығымен орындалды. Жергілікті бюджет есебінен радио тораптар салу жөніндегі жоспар мерзімінен екі ай бұрын орындалды. Сол сияқты, колхоздарды радиоландыру және облыс бойынша радио топталарын көбейту жоспарлары да артығымен орындалды. Егер, 1917 жылы облыста бірде-бір радио торабы болмаған болса, кәзір әрбір аудан орталығында және көптеген елді жерлерде радио торап бар. Соколов, Петропавл, Мамлют аудандарының барлық колхоздарында дерлік радио торабы жұмыс істейді.

СОКП XIX съезі байланыс құралдарын және радио хабар таратуды онан әрі өркендетудің программасын жасап берді. Бесінші бесжылдықта біздің радио хабар тарату станцияларының қуаты едәуір артады. Радио хабар қабылдағыштар мен телевизор жасап шығару екі есе ұлғаяды.

Байланысшылардың алдында ауыл селоларды радиоландыру жөнінде аса зор міндеттер тұр. Ал, радиоландыру жоспарының орындалуын, қолда бар радио тораптардың және радио қабылдағыштардың жұмысты жақсы істеуін қамтамасыз ету үшін тәжірибелі кадрлар керек. Сондықтан радиоқабылдағыштарды орнату техникасын үйрету, оның тыңғылықты жұмыс істеуіне көмектесу үшін әрбір ауданда қысқа маусымды семинарлар өткізу қажет. Бұл істе комсомол ұйымдары инициатива көрсетуге тиіс. Аудандық байланыс мекемелерінің бастықтары мен радиотехниктер, аудандық комсомол комитеттерінің секретарьлары колхоз радиошыларын даярлауға дереу кірісулері керек. Бұл істе аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары өз тараптарынан нақты көмек көрсетуге тиіс.

Ауыл селолар мен колхозшылар үйлерін жаншай радиоландыру ісі ерікті қоғам ұйымдары, мектеп коллективтері мен кәсіподақ ұйымдарының көмегін керек етеді. Сондықтан олар радиоқабылдағыштар орнатуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, радионың маңызын түсіндіруге көмектесулері керек.

д. Яағал үшін күрес — мол өнім үшін күрестің негізі екенін жете түсінген тракторшылар машиналар қуатын саржа пайдалана отырып, жерге ылғалдың мол сақталуына жетісті. Олар егістік алаңға тұқым себуді еселеген қарқынмен жүргізді. Соның нәтижесінде 1640 гектар жерге тұқым сеуіп, егіс жоспарын 29 апрельде орындап шықты. Сөйтіп, біз егісті 7 жұмыс күні ішінде аяқтадық.

Біздің бұл табысымыздың сыры неде? Ол — тракторлардың өнімді пайдаланылуы қамтамасыз етуде болып отыр. Бұл үшін ең алдымен машиналарға техникалық күтім жасауды дұрыс ұйымдастыра білу керек. Біз тракторлардың техникалық күтіміне айырықша маңыз беріп, оның графигін мұлткісіз орындап отырдық. Бригадада машина бір сменадан екінші сменаға ауысқанда оған жұмыс алдында техникалық күтім жүргізіледі. Техникалық күтім екі сменадағы тракторшылардың қатысуымен, менің бақылауым бойынша жүргізіледі. Машиналарға осындай жақсы техникалық күтім болуы нәтижесінде біз тракторлардың жақсы сағат механизмідей жұмыс істеуін қамтамасыз еттік. Бригадада егістің алғашқы күндерінен бастап күні бүгінге дейін тракторлардың босқа тұруы болған емес. Ал, мұның өзі егіс жұмыстарын үздіксіз жүргізуге, оның мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді.

Машина-трактор паркінің жұмыс өнімділігін арттырудың тағы бір маңызды резерві — уақытты толық пайдаланып, сменалық норманы мұлткісіз орындау болып табылады. Егер тракторлардың барлығы жұмысты екі сменада істеп, тракторшылардың барлығы нормаларын орындап отыратын болса, машиналардың күндік жұмыс өнімділігі 20—25 процент артады, ал, мұның өзі жұмыстың орындалу мерзімін едәуір қысқарта түседі. Біз мұны жете ескеріп, тракторлардың барлығының толық екі сменада жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырмыз.

ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

Чистов совхозында 4 мың гектар жерге дәнді дақылдар және 3200 гектар жерге көшпелілік шөп себілді.

Социалистік жарыста механизаторлар стахановтық еңбектің үлгісін көрсетті. Мәселен, № 3 бөлімшеде жұмыс істейтін тракторшы Н. Штарк жолдас «С—80» тракторымен 120 гектар орнына, 130 гектар жерге тұқым сеуіп, сменалық тапсырманы артығымен орындайды. Ол соңғы үш күннің өзінде ғана 386 гектар жерге тұқым сеуіп, 196 килограмм жанар, жанар майын үнемдеді.

Ж. ЕСЛӘМОВ.

ы сменалық норманы орындамай қалған күні жоқ. Сол сияқты, тракторшы Юхневский жолдас басқарған тұқым себу агрегатының жұмысы да айтарлықтай. Ол агрегат смена сайын 55—60 гектар жерге тұқым сеуіп, норманы үнемі артығымен орындап отырды.

Біздің бригадада быйыл ғана машина роліне отырып, жұмыс істей бастаған 6 жас тракторшы бар. Бұлардың істе төжрибесі өте аз. Осыны ескере отырып, жас тракторшыларды қамқорлыққа алдық. Оларға күнбе-күн практикалық көмек көрсеттік. Жас тракторшы Н. Махина жолдас смена алдында тракторын жүргізе алмай, біраз уақытын босқа өткізіп алатын болды. Сондықтан мен дереу жас тракторшыға көмекке келіп, мұның себебін іздестірдім. Ол трактор моторы еркін қыздырмай, жүріп кетуге асығады екен. Қыздырмаған трактор орнынан қозғала беріп тоқтап қалатын көрінеді. Мен оған трактор бөлшектеріне күш беріп, қозғалысқа келтіргеннен кейін шамасы үш-төрт минут қыздыру керек екенін түсіндірдім. Сөйтіп, жас тракторшы үшін болған бұл қиындықты да жеңе білдік.

Машиналардың жұмысты неғұрлым өнімді істеуі бір жағынан трактор және егіс бригадалары арасындағы ынтымақтың жақсы болуына байланысты. Механизаторлардың көктемгі егістегі табысы — Данилов, Федянин жолдастар басқарған егін бригадаларымен ынтымақтаса жұмыс істеуінің нәтижесі. Тракторлардың су, жанар майы немесе тұқым жетпей, жұмысыз қарап тұрған уақыты болған жоқ. Егіс бригадалары бізді, механизаторларды не керектің бәрімен қамтамасыз ете білді. Тракторшылармен бірге машиналарды өнімді пайдалану жолында су тасушы Н. Ефременко, тұқым себуші колхозшылар Д. Филоненко, А. Петренко, Н. Глуценко, З. Полтавец жолдастар да қажырлы еңбек етті.

Бір бригаданың табысы

Баян МТС-нің № 2 трактор бригадасының механизаторлары «Красный партизан» колхозының егіс даласында жұмыс істейді. Мұнда тракторшылар Карпухин, Баклаков жолдастар егіс жұмыстары басталған күннен бері өнімді жұмыс істеп келеді. Олар өздері жүргізетін «С—80» тракторын үнемі жоғары техникалық күтімде ұстайды. Бұл — тракторлардың күндік жұмыс өнімділігін еселеп арттыруға зор мүмкіншілік жасауда.

Тракторшылар әрбір сменада норманы 110—125 процентке дейін орындайды. Соңғы сменалардың бірінде Карпухин жолдас 160 гектар орнына 200 гектар

ның мүшелері трактор жұмыстарының сапасына баса көңіл аударды. Бригадада жерді тиісті тереңдікте жырту, тұқымды дұрыс сіңіру, жерді өңдеу және басқа жұмыстар агротехникалық ережелерге сәйкес жүргізілді. Смена аяғында әрбір тракторшыдан орындалған жұмысты колхоздың егіс бригадасының бригадирі қабылдап алады, бақылау жасайды. Сондықтан да бригада бойынша сапасыз жұмысталған бірде-бір гектар жер болған жоқ. Колхоз агрономы Финько жолдас егіс жұмыстарын мейлінше сапалы жүргізу жөнінде механизаторлармен жиі-жиі әңгіме өткізіп отырды, кеңес берді.

Біздің бұл табысқа жетуімізге өткен жылғы қажырлы еңбегіміз есебеші болды. Бригада өткен жылы тракторларды өнімді пайдалана отырып, пар, зяб жырту жоспарын толық орындаған болатын. Осының нәтижесінде біз егісті даяр жерге жүргіздік. Быйыл да біз пар жыртуға егіс жұмыстары аяқталысымен кірісеміз. Бұл жөніндегі жоспардың толық орындалуын тағы да қамтамасыз етеміз.

Социалистік жарыстың басты шарттарының бірі — артта қалғандарды алдыңғылар қатарына жеткізу, жолдастық көмек көрсету болып табылады. Сондықтан да біз өзмізбен социалистік жарысқа ұштасқан осы колхозда жұмыс істейтін Шаменов жолдас басқаратын трактор бригадасына көмектесудеміз. Бұл бригадада 500 гектар жерге тұқым себуге міндеттеніп отырмыз.

Бригада механизаторлары тракторлардың жұмыс өнімділігін арттыра отырып, быйыл әрбір 15 аттың күші бар трактормен 800 гектар жер жұмыстауға серг берген еді. Бұл міндеттемені орындау жолына барлық күш-мүмкіншілікті, барлық резервті жұмсаймыз.

Г. ЛЮБИСТОК,

Совет ауданы, Ленин атындағы колхозда жұмыс істейтін № 11 трактор бригадасының бригадирі.

130 адам кітап алды

Бұл күні аудандық кітапханаға селонның көптеген кітап оқушылары келді. 130 адам өздерінің оқып шыққан кітабын ауыстырып басқа кітап алды. Бұлардың ішінде 72 жасар қарт Назаров жолдас бар. Ол жыл басынан бері 14 кітап оқыды. Күн сайын кітапханаға келіп жаңа газет, журналдарды оқу қарттың дағдылы әдетіне айналды.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз)

КІРПІШ ӨНДІРУДІ АРТТЫРМАҚ

Петропавл қалалық өндіріс комбинатының кірпіш заводы сапалы кірпіш өндіруге қызу дайындалуда. Быйыл 900 мың дана шикі кірпіш және 600 мың дана дайын кірпіш өндіруді жоспарлай отырып, завод коллективі кірпіш өндіру тапсырмасын асыра орындауға және жалпы дайын кірпіш өндіруді арттыруға міндеттенді.

Үстіміздегі жылы заводта кірпіш жасайтын «Колхозшы» деген арнаулы жаңа агрегат сатып алынды. Сол сияқты, кірпіш кептіретін алаң кеңейтілді. Балшық, шикі өнім және дайын кірпіш тасыйтын вагонетка сатып алынды.

Мұнда жұмысшылар үшін 15 пәтерлік үй салынып бітуге жуық. Құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілісімен-ақ көптеген жұмысшылар жаңа пәтер үйлерге көшіп шығады.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВАСИЛИЙ ВОРТНИКОВТЫҢ ҚАЙТА ОРЛУЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОСКВА КӨКТЕМІ»

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

«ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне қарасты Бүкілодақтық сырттан оқытатын есеп курсының Солтүстік Қазақстан облысындағы филиалы есепшілер, колхоз бухгалтерлері, аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің нұсқаушы-бухгалтерлерін, тексеру комиссияларының председателдері мен МТС бухгалтерлерін даярлайтын бөлімдерге оқушылар алады. Сол сияқты мұнда колхоз есебін және МТС есебін жақсы білетін мұғалімдер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 63-үй.

«Главмука» завод басқармасына токарьлар, слесарьлар, столярлар, қаңылтыршылар, тасшылар, жер қазушылар және жұмысшылар КЕРЕК.

Адрес: Ерназаров көшесі, 80-үй. Кадр бөлімі.

Қырғыз ССР-ы, Жалал-абад 13, Гюрый көшесі, 6-үйде, 4-пәтерде тұрушы Валентин Тимофеевич Архипов Петропавл қаласы, Мотор көшесі, 87-үйде, 1 пәтерде тұрушы Мария Федоровна Архиповадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Совет радиосының қуатты үні бүкіл дүние жүзіне естілуде. Біздің радио станцияларымыз дүние жүзі халықтарына Совет Одағы туралы шындықты, совет халқының бақытты, қуанышты тұрмысы туралы айтады. Советтік Отанымыздың радио Отаны болуын, сталиндік бесжылдықтар кезінде ССРО-да радиоландыру ісі кең өрістетілуін еліміздің еңбекшілері орында түрде мақтан етеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің қарарларын мұлткісіз жүзеге асыру үшін аянбай күш жұмсай отырып, облыс байланысшылары ауыл-селолар мен колхозшылар үйлерін жаппай радиоландыру жөніндегі жоспарларды мұлткісіз орындау үшін күресетіндігі сөзсіз.

Б. ЖАҚЫПОВ,
Облыстық байланыс басқармасының бастығы, байланыс директоры.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 4 май. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Корея Халық армиясының құрамалары мен қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні майданның жекелеген участоктерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады.

АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫ КОРЕЯНЫҢ БЕЙБІТ ҚАЛАЛАРЫН ӨЛІ БОМБАЛАУДА

ПХЕНЬЯН, 4 май. (СОТА). Соңғы кезде американ авиациясы Пхеньянға, Солгустік Кореяның басқа да елді пункттеріне шабуылды мейлінше күшейтті. 4 майға қараған түнде американ бомбардировщиктері Пхеньянға тағы да жаппай сұрапыл шабуыл жасады. Қаланың тұрғын кварталдарына түрлі калибрді 350 бомба тасталған. Көп шығындар бар.

Бүгін Халық армиясының жағалаудағы артиллериясы Кириньо және Хачирадо аралдары ауданында дұшпанның бір эсминенің суға батырды.

Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 5 самолетін атып түсірді.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**

Петропавлдағы 3-участоктік халық соты 1953 жылғы 9 май күні Ворошилов көшесіндегі 22-үйдің Григорий Емельянович Вдовенкоға қарасты жарты жағын торгпен сатады.

Бұл жөнінде түсінік алу үшін Петропавл қаласы, Воровский көшесі, 49-үйдің 3-участоктік халық сотының сот орындаушысына ертеңгі 9-дан күндізгі сағат 12-ге дейін келіп жолығуға болады.

Петропавл қаласы, Каганович көшесі, 58-үйде тұрушы Ольга Иосифовна Шаталова Петропавл қаласы, Клара Цеткин көшесі, 109-үйде тұрушы Андрей Дмитриевич Шаталовтан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Колхоз көшесі, 25-үйде тұрушы Андрей Иванович Бунчук Петропавл қаласы Луговая көшесі, 76-үйде тұрушы Мария Ивановна Бунчуктан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.